

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК**

**«№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының
өзін-өзі бағалау қорытындысы**

Ақтөбе қаласы - 2025ж.

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі бағалау
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы бұйрығына сәйкес №8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы МКҚК өзін-өзі бағалаудан өткізілді.

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

1. Білім беру ұйымының толық атауы: «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

2. Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекен жайы): 030007 Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Бейбітшілік даңғылы, 28 үй.

3. Заңды тұлғаның байланыс деректері: (телефон, электронды пошта, вебсайт):
Телефоны: 87057503517; факс: (7132) 74-17-15; Эл. поштасы: balbobek8@mail.ru
вебсайт: <https://sad8balbobek.testim.kz/kz/zi-ba-alau.html> инстаграмм: do_balbobek8

4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі): Абдуллина Назира Тайбасқызы меңгеруші міндетін атқарушы бұйрық №125 26.07.2023 жылы «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 25.07.2023 жылғы №4/3401 хаты және Ақтөбе облысының әкімдігінің 25.07.2023 жылғы №192 қаулысы негізінде тағайындалған.

5. Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі): «№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны алғаш рет 16.04.1999 жылы тіркеліп, 13.05.2013 жылы мемлекеттік қайта тіркеуінен өтті. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2023 жылғы 25 шілдедегі №192 қаулысы негізінде ««Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып қайта құрылған. Кәсіпорынның құрылтайшысы «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» болып табылады. Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу куәлігі БСН: №990440001333 берілген күні 22.08.2023 жыл.

6. Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон). Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған 8 қосымша және (немесе) мектепке дейін 02:036:гі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон). № KZ36XXX00003723 күні: 19.01.2015ж.

9. Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1. Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары) талаптарына сәйкестігі; Талау нәтижелері: Балабақшада тәрбиелеу мен оқыту Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша жүргізіледі. 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жасалған және

бекітілген. Оқу жұмыс жоспарындағы оқу жүктемесінің сағат сандарыда ауытқушылық анықталмады.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымша 4-тармағы 3 тармақша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы 2,3 қосымшаға сәйкес келеді.

2. Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушы 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу №14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

Талдау нәтижелері: Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес №8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

2024-2025 оқу жылы «Гүлдер» ересек тобы, «Балапан» ортаңғы топтарында оқыту мемлекеттік тілде, «Капельки» ересек тобы орыс тілде жүргізіледі.

Ағымдағы оқу жылдың перспективтік жоспар «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығын (бұдан әрі-Бұйрық) басшылыққа алып құрылған.

Перспективтік жұмыс жоспарлары балаларға арналып үлгілік бағдарламаға сәйкес құрылған, апталық жүктемелер жас ерекшеліктеріне сәйкес. Күн тәртібі талапқа сәйкес 10,5 сағатқа арналып құрылған, күн тәртібі бойынша балабақша сағат 8.00-ден 18.30-ға дейінгі аралықта қызмет көрсетеді.

2024-2025 оқу жылдарына перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындауда талапқа сай қарастырылған. Циклограммада санитарлық қағидалар талаптарына сәйкес балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жасалып бекітілген. Педагогтер ойын арқылы оқыту, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту қағидаларын қамтыған. Аталған оқу жылдарында ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушілер болмады. Осы критерий бойынша талдауға ұсынылған құжаттар, зерттеу көрсеткендей білім беру қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына сәйкес іске асырылған.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымша 4-тармағы 5 тармақшаға, 16-тармағына сәйкес келеді.

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау;

Талдау нәтижесі:

Қадрлық құрамға талдау:

№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымында 3 топ жұмыс жасайды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығын қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2 тарауының 21 тармағында: «Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардағы штат саны «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штатарына сәйкес белгіленеді. Штаттық кесте және педагогтердің тарификациясы мектепке дейінгі ұйымдардың ресми сайттарында орналастырылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штатары негізінде балабақша 2024-2025 оқу жылына арналған штаттық кесте жыл сайын Ақтөбе қаласының білім бөлімінің басшысымен келісіледі.

№	Лауазымдардың атауы	Үлгілік штаттық кестеге сәйкес	ББ-нің бекітілген штаттық кесте бойынша (ш.б)
1	Менгеруші	0	0
2	Әдіскер	0,5	0,5
3	Педагог-психолог	0,5	0,5
4	Тәрбиеші	3 топ*2,25=6,75	3 топ*2,25=6,75
5	Музыка жетекшісі	0,75	0,75
6	Дене шынықтыру нұсқаушысы	0	0
7	Қазақ тілі мұғалімі	0,25	0,25

Бұдан, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығын қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2 тарауының 21 тармағында: «Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардағы штат саны «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штатарына сәйкес белгіленеді. Штаттық кесте және педагогтердің тарификациясы мектепке дейінгі ұйымдардың ресми сайттарында орналастырылды»-деп көрсетілген талабына сәйкес келеді

Білімі, мамандығы және біліктілік санаттары бойынша:

№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымында барлығы 10 педагог жұмыс жасайды. Менгеруші-0, әдіскер-1, қазақ тілі мұғалімі-1, тәрбиеші-6, музыка жетекшісі-1, денешынықтыру нұсқаушысы-0, педагог-психолог-1. логопед маманы- 0

Педагогтердің білімі туралы мәлімет

№	Аты-жөні	Білімі	Бітірген оқу орны, бітірген жылы	Мамандығы	Лауазымы
1	Абдуллина Назира Тайбасқызы	Жоғары	С.Бөйішов атандағы Ақтөбе университеті 2013ж.	«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»	Әдіскер
2	Суленова Актолкин Кетешовна	Жоғары	Гурьев педагогикалық институты. 1989ж	"Мектепке дейінгі тәрбие және психология»	Тәрбиеші

3	Гетман Лилия Тейдоровна	Арнаулы орта	«Болашақ колледжі» 2016ж	"Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	Тәрбиеші
4	Есполова Жанна Алековна	Арнаулы орта	Ақтөбе гуманитарлық колледжі,	«Бастауыш сыныптарды оқыту»	Тәрбиеші
5	Рахипова Бакытгуль Мухамбетияровна	Арнаулы орта	«Ақтөбе гуманитарлық колледжі» 2010ж	«Мектепке дейінгі тәрбие»	Тәрбиеші
6	Утепбергенова Жулдыз Байдаулетовна	Жоғары	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті 2007ж	«Педагогика және бастауыш әдістемесі»	Тәрбиеші
7	Серікқалиева Лиза	Жоғары	С.Бәйішов атаандағы Ақтөбе университеті 2013ж.	"Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	Тәрбиеші
8	Қуантай Айкөркем Жансерікқызы	Жоғары	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті 2023 ж	«Психология»	Психолог
9	Ахметова Мая Нұралықызы	Жоғары	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты 2006 ж	«Қазақ тілі мен әдебиеті, шет тілі мұғалімі»	Қазақ тілі мұғалімі
10	Жубатова Данагул Амантаевна	Жоғары	Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті 1997 ж	«Музыка пәні мұғалімі, қобыз класы оқытушысы»	Музыка жетекшісі
Оқу жылдары	Барлық педагогтер	Педагогикалық жоғарғы білімді	Мектепке дейінгі жоғарғы білімді	Мектепке дейінгі арнаулы орта білімді	Педагогикалық білімі жоқ
2024-2025	10	8	3	2	0

Бағалау кезеңі бойынша:

Нәтижесінде балабақшадағы қызмет ететін педагогтардың атқарып жүрген қызметіне диплом бойынша мамандықтары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 31тамыздағы №385 бұйрығы 1-қосымша. «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2-тарауының 22-тармағы. Педагог қызметімен айналысуға педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын тұлға жіберіледі» талабына сәйкес келеді.

Біліктілік санаты бойынша:

Қағиданың 24 тармағында Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зиякерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруы (растауға) тиіс» деп көрсетілген.

Біліктілік санаты бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылдары	Педаг огтер	Жоғ ары	I	II	II	Педагог- зерттеуші	Педагог- сарапшы	Педагог- модера-	Санаты жоқ
----------------	----------------	------------	---	----	----	-----------------------	---------------------	---------------------	---------------

	саны				басшы			тор	
2024-2025	10	-	-	-		-	-	2-20%	8-80%

2023-2024 оқу жылындағы біліктілік санаты туралы мәлімет

№	Аты-жөні	Лауазымы	Біліктілік санаты, берілген күні
1	Абдуллина Назира Тайбасқызы	Әдіскер	Берілген күні 28.08.2024 Педагог-модератор
2	Суленова Ақтолқын Кетешовна	Тәрбиеші	Берілген күні 09.09.2024 Педагог-модератор
3	Гетман Лилия Тейдоровна	Тәрбиеші	жоқ
4	Есполова Жанна Алековна	Тәрбиеші	жоқ
5	Рахипова Бакытгуль Мухамбетияровна	Тәрбиеші	жоқ
6	Утепбергенова Жұлдыз Байдаулетовна	Тәрбиеші	жоқ
7	Серікқалиева Лиза	Тәрбиеші	жоқ
8	Қуантай Айкөркем Жансерікқызы	Психолог	жоқ
9	Ахметова Мая Нұралықызы	Қазақ тілі мұғалімі	жоқ
10	Жубатова Жанагул Амантаевна	Музыка жетекшісі	жоқ

Медициналық тексеруден өткен туралы:

Педагогтардың медициналық тексеруден 2024 -2025оқу жылына толық өткендігі көрсетілді. Бұдан Қағиданың 2 тарауының 25 тармағы. Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері «Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетімдерді, зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулер өткізу» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы №КР ДСМ-131/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелген) сәйкес жыл сайын медициналық зерттеп-қараудан өтеді» талабы орындалған.

Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі :

Тәрбиеленуші контингенті бойынша №8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымында 3 топ бар Қағиданың 1-тарауының 5-тармағына сәйкес балақшада - мектеп жасына дейінгі топтардың болуы қарастырылған. Өткен оқу жылының тізімінде тәрбиеленушілердің қозғалыс яғни кірген шыққан балалар мерзімі көрсетілген.

ҚОРЫТЫНДЫ: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 1-қосымша 2-тарау, 4-тармағы 4-тармақшасы талабы сақталған.

4. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлауды негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы:

Талдау нәтижесі: № 8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы аттестаттау материалын зерделеу барысында баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің 2024-2025 оқу жылында тәрбиеленушілердің жүргізген жеке даму карталары бар. Жеке даму картасы жас ерекшелігіне сәйкес жасалған.

ҚОРЫТЫНДЫ: Ағымдағы оқу жылының жеке даму картасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) 1-қосымша 2- тарау 6-тармағына сәйкес келеді.

5. Үлгілік оқу бағдарламасы қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып тәрбиеленушілер жетістіктерін мониторингілеу (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау:

Талдау нәтижелері: 2024-2025 оқу жылының ортаңғы, ересек, мектепалды топтар бойынша қортынды мониторинг жиынтық есебі:

Тәрбиеленушілердің қортынды мониторингі балалардың жас ерекшелігіне сәйкес жасасқалған. (мұнда әдістемелік ұсыным Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына негізделіп құрастырылған (ҚР БҒМ 2020жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы) сәйкес.

2024– 2025 оқу жылының қорытынды мониторинг қорытындысы

№	Жас топтары	Бала саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
			олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орта деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орта деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орта деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орта деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орта деңгей	олардың ішінде төмен деңгей
1	ортаңғы топ	25	20	5	0	20	5	0	20	5	0	20	5	0	20	5	0
2	ересек топ	46	40	6	0	40	6	0	40	6	0	40	6	0	40	6	0
Барлығы		71	60	11	0	60	11	0	60	11	0	60	11	0	60	11	0
%		100	85	15	0	85	15	0	85	15	0	85	15	0	85	15	0

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» №348 бұйрығына 1-қосымшасының 2-тарауына 6-тармағына сәйкес келеді.

10. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар МДТО УОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

Талдау нәтижелері: 2024-2025 оқу жылында ортаңғы, ересек, мектепалды топтары үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлу, мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде бағдарламада айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауыз екі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттау, ырғақты-музыкалық кимылдар, аспаптарда ойнау балабақшада оқу жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.

ҚОРЫТЫНДЫ:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» №348 бұйрығы 1-қосымша 22,23-тармағына, «Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы 1-қосымшасына сәйкес келеді.

11. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойлатын талаптар:

1. Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау:

Талдау нәтижелері: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымша 4-тарау, 25-тармағына сәйкес жас топтарын қалыптастыру жүргізіледі. Контингент бойынша 2024-2025 оқу жылында «Балапан» ортаңғы тобында-25 тәрбиеленуші, «Гүлдер» ересек тобында-23, «Капельки» ересек тобында-23 тәрбиеленуші. Тәрбиеленуші жас кезеңдері жас топтарына сәйкес келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» №348 бұйрығына 1-қосымшасының 4-тарауына 25-тармағы талабына сәйкес келеді.

2. Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Талдау нәтижелері: 2024-2025 оқу жылында тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақталды. Балабақшасына қабылданған, шығарылған және топтан-топқа ауысқан бұйрықтары шығарылып, бекітіліп отырады. Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейінгі бұйрықтар толық жазылған. Балалардың қозғалыс журналы, келісім-шарт тіркеу журналы талапқа сай, Жасына қарай қағидаты бойынша топтарға бөлінеді. Балабақшада ата-ананың барлық қарым қатынасы келісім-шарт арқылы жүргізіледі.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымша 26-тармағына сәйкес келеді.

Ұсыныстар:

1. Педагогтардың санаттық деңгейін көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Педагогтардың жетістіктерімен, баспа жұмыстарында өз тәжірибелерімен бөлісуі қолға алынсын.
3. Барлық топтарда жас ерекшеліктеріне сай заттық-дамытушы ортаны толықтыруды жалғастырылсын.

Қорытынды:

Балабақшаны басқару қызметі «жақсы» деңгейде деп есептелсін.

Комиссия №8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымында өткен өзін-өзі бағалау негізге ала отырып, төмендегідей шешім қабылдады:

1. №8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымында мәртебесіне сай деп есептелсін.

Комиссия төрайымы:

№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымының
меңгерушісі м.а:


Н.Т.Абдуллина

Комиссия мүшелері:


№8 «Балбөбек» МДҰ

кәсіподақ төрайымы, тәрбиешісі:


Л.Т.Гетман


№8 «Балбөбек»

МДҰ-ның музыка жетекшісі:


Д.А.Жубатова

№8 «Балбөбек»

МДҰ-ның тәрбиешісі :


А.К.Суленова